



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ  
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.



Нигерияның  
проблемалық  
несиелерді реттеу  
тәжірибесі  
AMCON қызметі

# I. Нигерияның банк секторы дағдарысы AMCON құрылу алғышарттары

2009 жылы Нигерияның қаржы жүйесі айтарлықтай құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Банктік бизнес құрылымын жақсарту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында 2005 жылы Нигерияның Орталық банкі (CBN) банктерге төленген капиталын 2 млрд-тан 25 млрд нигериялық найраға дейін ұлғайтуды міндеттеді (15 млн-нан 190 млн АҚШ долларына дейін). Бұл сектордың мәжбүрлі түрде бірігуіне алып келді – 2005-2006 жылдары банктер саны 89-дан 24-ке дейін қысқарды. Сонымен қатар, сол кезеңде жеке секторды несиелеу көлемі артты.

Несиелердің басым бөлігі банктердің акцияларын сатып алу үшін, сондай-ақ мұнай-газ саласына инвестициялау үшін бөлінді. Бұл банк жүйесінің активтерінің екі есеге артуына және 2008 жылға қарай ЖІӨ-нің 42%-на жетуіне әкелді.

## Нигерияның банк жүйесіндегі проблемалық несиелер деңгейінің динамикасы, %



Дереккөз: ceicdata.com

Қаржы дағдарысы әлем бойынша таралған сайын жағдай тұрақсыз бола түсті. Қор нарығының күйреуі және мұнай мен газ бағасының төмендеуі Нигерия банк жүйесіндегі проблемалық несиелер деңгейінің 37%-ға дейін өсуіне әкелді.

2009 жылдың күзіне қарай Нигерия Орталық Банкі (CBN) және Нигерия депозиттерді сақтандыру корпорациясы (NDIC) коммерциялық банктерге тексеру жүргізіп, банк жүйесінің үштен бірін құрайтын 10 банктің ерекше осалдығын анықтады.

# I. Нигерияның банк секторы дағдарысы AMCON құрылу алғышарттары

Нигерия банк секторының дағдарысы аясында көрсетілген банктерде капитал тапшылығымен қатар өтімділіктің жеткіліксіздігі, активтердің төмен сапасы, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару тәжірибесіндегі кемшіліктер анықталды. Сонымен қатар, бұл банктердегі проблемалық несиелер деңгейі несиелер портфелінің 65%-ына жетті.

Банк секторын қолдау және өтімділікті қамтамасыз ету үшін Нигерия Орталық Банкі (CBN) 620 миллиард нигериялық найр (шамамен 4,1 миллиард АҚШ доллары) көлемінде қамтамасыз етілмеген және субординацияланған қарыз бөлді. Сондай-ақ, банктер арасындағы кредиттік операциялар, халықаралық несиелер желілері және зейнетақы жарналары бойынша кепілдіктер берілді (олардың мерзімі 2011 жылдың желтоқсанында аяқталды). Үкімет халықтың депозиттері мен несиелер берушілерін шығындардан қорғауға уәде беріп, банктердің дефолтқа ұшырамайтынын жариялады. Бұл акциялардың инвесторларының мүдделерін қорғауға да әсер етті.

Жедел шаралардың қажеттілігі және дағдарысты реттеу механизмдерінің болмауы Нигериядағы активтерді басқару жөніндегі корпорацияны (Asset Management Corporation of Nigeria, AMCON) құруға алып келді.

Нигерияның банк және қаржы институттары туралы заңына сәйкес, Нигерия депозиттерді сақтандыру корпорациясы (NDIC) банктерді қайта құрылымдау және реттеу, сондай-ақ банкротқа ұшыраған банктердің активтерін басқару құқығына ие болды. Алайда бұл өкілеттіктер сот арқылы даулы болды. Сонымен қатар, банкроттық туралы заңда проблемалық несиелерді өндіріп алуды қиындататын ережелер анықталды. Бұдан бөлек, мемлекеттік қаражатты коммерциялық банктердің капиталына құю парламенттің мақұлдауын қажет ететін еді, бұл өз кезегінде, жаңа ұйым құрудан әлдеқайда күрделі процесс болатын.

Нәтижесінде, 2010 жылдың шілдесінде парламент AMCON құру туралы заң қабылдады. AMCON – толығымен Нигерия Федералды үкіметіне және Қаржы министрлігіне тиесілі мемлекеттік корпорация.

### III. AMCON мандаты және өкілеттіктері

AMCON тек активтерді сатып алу және басқарумен ғана шектелмейді, сонымен қатар банктерді қайта капиталдандыруды және Орталық Банктің (CBN) мақұлдауымен акцияларға инвестиция салуды да қамтиды.

AMCON туралы заң корпорацияның нақты қызмет ету мерзімін белгілемейді. Алайда, заңнама сатып алынатын активтерді анықтаған сәттен бастап үш жыл және үш ай ішінде сатып алу кезеңімен шектейді.

AMCON-ның негізгі қадағалау органы – CBN. Ол сатып алынатын активтер үшін трансферттік баға белгілеу қағидаттарын, бухгалтерлік есеп стандарттарын, активтерді сатып алу рәсімдерін және корпорация шығарған облигациялардың өтеу мерзімдерін анықтайды. Сонымен қатар, CBN AMCON бас атқарушы директорын (CEO) және директорлар кеңесінің 10 мүшесінің 6-ын тағайындайды, бұл корпорацияның тәуелсіздігі мен мүдделер қақтығысы тұрғысынан алаңдаушылық тудырады. Осылайша, CBN банк секторының қадағалау органы ретінде несиелерді жіктеу стандарттарын, резервтерді қалыптастыру тәртібін белгілейді және AMCON-ның қандай активтерді сатып алатынын анықтау өкілеттігіне ие.

AMCON заңнамаға сәйкес, Қаржы министрлігіне және CBN-ге жылдық есеп, сондай-ақ парламентке тоқсандық есептер ұсынуы тиіс. Алайда, заңда сатып алынатын немесе меншікті капитал сомасын шектейтін ережелер қарастырылмаған.

AMCON 10 миллиард найра жарғылық капиталмен (шамамен 67 миллион АҚШ доллары) құрылды. AMCON нөлдік купондық облигациялар шығаратындықтан, бастапқы капитал жылдық пайыздық төлемдер үшін емес, операциялық шығындарды жабу және сатып алынған активтерді басқаруды қамтамасыз ету үшін пайдаланылды.


## IV. Активтерді сатып алу

AMCON 2010 жылдың күзіне қарай стресстік активтерді сатып алуға жедел кірісті. Бірінші транш бойынша активтерді сатып алу 866 миллиард найра (шамамен 5,7 миллиард АҚШ доллары) көлемінде жүргізіліп, сол жылдың желтоқсанында аяқталды. Жылдам мәмілелер жасаудың басты себебі банктік дағдарысқа шұғыл әрекет ету қажеттілігімен қатар, активтердің сипатымен байланысты болды - портфельдің негізгі бөлігі маржиналды немесе кепілсіз несиелерден тұрды.

AMCON барлығы 12 000 несиені сатып алды, олардың жалпы сомасы шамамен 2 трлн найра (13,2 млрд АҚШ доллары). Сатып алынған активтердің 75%-ы тек акциялармен (маржиналды несиелер) қамтамасыз етілген немесе кепілсіз болған.

CBN әзірлеген әдістемеге сәйкес, AMCON үшін маржиналды несиелердің сатып алу бағасы екі мәннің үлкеніне теңестірілді: 5% номиналды құнынан, немесе бағалы қағаздардың соңғы 60 күндегі орташа құнына 60% үстеме қосылған мәнінен. Кепілсіз несиелердің бағалануы 5% номиналды құнынан. Тек 20% портфель ипотекалық несиелерден тұрды.

### AMCON активтер портфелінің салалар бойынша құрылымы





## IV. Активтерді сатып алу

Активтерді сатып алу және сату мәмілелері ерікті негізде жасалғанына қарамастан, CBN банктерді өз активтерін белсенді сатуға ынталандыратын талап енгізді. Осылайша, қаржылық реттеуші енгізген нормативтік талаптарға сәйкес қаржы ұйымдары баланста проблемалық несиелердің 5%-дан аспауын қамтамасыз етуі тиіс болды. Нәтижесінде 2011 жылға қарай жұмыс істемейтін несиелердің үлесі 5,8%-ға дейін төмендеді. Активтердің орташа сатып алу бағасы олардың номиналды құнының шамамен 45%-ын құрады.



Проблемалық несиелерден басқа, корпорация сондай-ақ жалпы сомасы 750 миллиард найра (шамамен 5 миллиард АҚШ доллары) болатын ірі стратегиялық маңызды несиелерді сатып алды, оның ішінде мұнай-газ секторымен байланысты активтер. Бұл активтер номиналды құнының 85-95%-ына сатып алынды..

Жұмыс істемейтін несиелерді сатып алудан басқа, AMCON екі банкті қайта капиталдандырды, сондай-ақ сегіз банктің «теріс» капиталын өзіне алды. Бұл рөл қаржылық тұрақтылықты қолдау үшін аса маңызды деп танылды. Сонымен қатар, корпорация активтерді басқару және жүзеге асыру туралы ақпаратты ашық көздерде жарияламайды.

Активтер портфелінің құрылымы  
(қарыз сомасы бойынша)



Активтер портфелінің құрылымы  
(жобалар саны бойынша)





## V. Қорытындылар

AMCON-ның әрекеттері жалпы алғанда банк жүйесін тазартуға және тұрақтандыруға әкелді. 2014 жылдың желтоқсанына қарай капитал жеткіліктілік коэффициенті 17%-ды құрады, ал жұмыс істемейтін несиелердің үлесі шамамен 3% болды. Алайда банктердің теріс капиталы өтеусіз корпорацияға берілді және ол акционерлер, салымшылар мен банк кредиторлары арасында бөлінген жоқ.

Сонымен қатар, сатып алынған активтерді корпорацияның экономикалық айналымға тарту тиімділігін бағалау мүмкін емес, себебі тиісті ақпараттың жабықтығы байқалады.

Дүниежүзілік банк сарапшыларының пікірінше, AMCON қызметінің негізгі кемшіліктерінің бірі - ұйымның қаржы реттеушісіне тәуелділігі. CBN корпорацияға қатысты барлық өкілеттіктерге ие, соның ішінде акциялар мен активтерді сатып алу, сондай-ақ басшылықты тағайындау шешімдерін қабылдау. Бұл жағдай реттеушінің қадағалау рөліне байланысты мүдделер қақтығысын тудырады және оның қаржылық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету миссиясына қауіп төндіруі мүмкін.



Корпоративтік даму департаменті АҚ «Проблемалық кредиттер қоры»

Ақпарат көздері  
*Public Asset Management Companies, Caroline Cerruti and Ruth Neyens, WB Group*  
Ресми веб-сайт AMCON